

Ұлтымдыздың бекзат болмысты өнерінің бірі күйшілік екені әмбеге аян. Қазақтың арғы-бергі тарихында өткен күйшілердің мұрасы арада қанша ғасыр өтсе де сақталып, бүгінгі ұрпаққа бағалы қазына болып отыр.

Дүрліккен кезең, дүрбелең заманда жоғалып кеткендері де аз емес. Көкірегі күмбірлі қанша жанның күйі өзмен бірге кеткені де бір Аллаға ғана аян. Қос ішектен сиқырлы сазды саумалап отырып, әуезімен елдің көңілін уанышқа бөлеген жандардың бірі - Исаұлы Шәкір күйші. Біз бұл жазбамызда осы уақытқа дейін айтылмай келген Шәкір Исаұлы жайлы өз білетінімізді ортаға салмақпыз.

Шәкір 1890 жылы Торғай өңіріндегі Қайыңды деп аталатын ауылда дүниеге келген. Абылай заманында ел қорғап аты шыққан Тілеулі батырдың ұрпағы. Тілеуліден тараған көп рулардың бірі Таңат деп аталады. Шежіре бойынша тарқатқанда Шәкір Таңаттың 4-ші ұрпағы (Таңат – Матай – Бейсен – Иса – Шәкір). Шәкірдің өскен ортасы өнердің ордасы болған орын. Бұл тұрғыда ең алдымен аталатын тұлға Бейсенұлы Сейдахмет ақын.

Сөйлесе сөздің шешені,
Бастаса елдің көсемі.
Сейдахмет ақынды,

Әулие адам деседі, – деп ел аузында сөз болып қалған ақын 1843 жылы Қайыңды ауылында дүниеге келген. Ол өз қатарынан сәл кешігіп барып оқуға түссе де, оқуға зерек, есті болып өседі. Сейдахмет ақын әсіресе, шығыс әдебиетін молынан білген. Ақынның «Мың бір түн», «Тотынаме», «Калила мен Димна» секілді арап, парсы, түркі халықтарының арасында кең тараған әдебиет үлгілерінің негізінде жазған «Қырық хикаясы» бар. Ыбырай, Ахмет секілді ағартушылар арқылы Крылов мысалдарымен танысып, оларды қазақ ұғымына лайықтап аударған. Өлкетанушы Бөгетбай Әлмағамбеттің зерттеулерінде Сейдахмет ақынның «Қырық хикаяты» мен Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Қырық мысалдың» байланысы болуы мүмкіндігін айтады. Сейдахметтің өзі Ахметті бала жасынан танып:

Бақ қонды оннан жаңа асқаныңда,
Асарсың өнердің сан асқарыңда, – деп өлеңмен бағасы мен батасын қатар берген. Ахметтің жазған еңбектерінде

Шәкір күйшінің мұрасы



болса керек. Торғай өңірінен шыққан тағы бір күйші Дулыбай Сүгірбайұлы да өзінің туысқан ағасы қамауға алынғанда Мұқан төрені арнайылап іздеп барып, алдында өнер көрсетіп, ағасын тұтқыннан босатып алған. Нұрхан Ахметбеков жырлаған Есім сері де өзгеге атастырып қойған қызды алып қашқанда Мұқан төрені іздеп барып, билік айтқызады). Сейдахметтің өзінің бір өлеңінде «олжалап ердің құнын алған жерім» деп жырлауы осы Қожайға қатысты даудың шешіміне байланысты болса керек. Сейдахмет Мұқан төренің алдында өнерін сынға салған уақытында он төрт жаста екен деседі.

Сейдахмет жиырма төрт жасқа келген ел аралап жүрген Ыбырай Алтынсаринді арнайы үй тіктіріп қарсы алып, онымен төс қағысып дос болған. Ыбырайдың 1879 жылы Орынборда басылып шыққан «Қазақ хрестоматиясында» Сейдахмет ақынның бірнеше өлеңі басылып шыққаны да қазір көпшілікке мәлім. Ыбекеңнің шәкірті Ғабдолғали Балғымбаев та Сейдахметтің жеке кітабын шығару үшін Әбіқай ақынның інісі Әбдірахман Нұртазаұлы арқылы Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясына ақын өлеңдерінің қолжазбасын жіберген. Комиссия мүшелері жинақты авторға қайтарып беру туралы шешім шығарғаны туралы құжаттар сақталған. Ыбырай өмірден өткеннен кейін оның Жаппас руына атастырған Шәрипа атты қызын Сейдахмет өз қолынан ұзатқан. Киіз үйдің сүйегіне Торғайдың құба талы жақсы болады деп үйшісін өзі апарып, отағын

Шәкірдің өз күйлерін сақталып жеткені – «Бозінген». Бұл күйді қазір Шәкірдің ұлы Тұрсынбек қана орындайды. Тұрсынбектің 1991 жылы «Мелодия» фирмасынан шыққан «Байжұма» атты жеке күй табағына енген. Байжігіт пен Сүгірдің осы аттас күйлеріне қарағанда Шәкірдің «Бозінгені» қысқа көлемді ғана шығарма. Шығу тарихы белгісіз. Бәлкім орындаушыдан болар «Бозінген» кейінгі заманда туған күйлерге көбірек ұқсас. Қалай десекте бұл күй Шәкірден қалған мұра ретінде бағалы олжамыз болып отыр. (Бір қызығы Торғай өңірінде осыған аттас «Бозінген», «Нар идірген» атты халық күйлері де кеңінен тарап, елі ішінде ертеден орындалып жүрсе керек. Оларды Омар, Зәкәрия күйшілер тартқан. Әлімбет Ғапбастың Зәкәриясы тартқан күй «Нардың қаюы», «Нардың бошалауы», «Боталауы», «Ботаның өлімі», «Нардың жоқтауы», «Қаражорға», «Нардың июі» т.б. деп тарқатылып, алпыс екі саладан тұрады екен. Ғажайып тағдырлы күйші Айтбай Мұздаханов та өзінің бір сұхбатында «Омар деген әкеміз ғажап күйші еді. «Бозінген», «Нар идірген» деген күйді алғаш содан естідім. Омар күй тартқанда шешелеріміз үнсіз жылап отыратын» деп еске алады).

Шәкірдің күйін жеткізген мұрагері, әрі күйшінің кенже баласы Тұрсынбек 1951 жылы Қайыңдыға қарасты Ақкісі ауылында туған. Бес жасынан бастап әкесінен домбыра тартуды үйреніп, күйшілік өнерінің қыр-сырына қанық болып өскен. Мектеп қабырғасында жүргенде Торғай өңірінен шыққан алғашқы кәсіби музыка мамандарының бірі Төкен Елтебаевтан және күйші Балқаш Нахановтан тәлім алып, өнерпаздар үйірмесіне қатысады. Мектептен кейін Әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтында Өтеген Ғұбайдуллиннің сыныбында оқып, оны 1973 жылы тәмамдайды. Арнайы жолдамамен Торғай облыстық филармониясына келіп қызметке тұрады, сол уақытта жаңадан ашылып жатқан «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінде домбырашы болды. 1976-

«Алфавит», «Наржігіт» атты күйлері де бар. «Наржігіт»-тің нотасы Арқалық қалалық «Торғай» газетіне жарияланған («Торғай», №48(378), 03.12.2004). «Соңғы түс», «Жүрек сыры» әндері Қалибек Деріпсалдин құрастырған «Торғай әуендері» жинағында жарық көрді. Дегенмен кәсіби маманның әр жылдары жазған-сызғандары мен авторлық шығармаларын жинақтап, жеке бір кітап қылып шығару керек-ақ. Шынымен ден қойып кірісетін болса Тұрсынбек ағамыздың оқытып шығарған шәкірттері мен інілерінің қолынан-ақ келетін іс деп ойлаймын.

Сейдахметтен бастау алып, Шәкірлермен жалғасқан бұл әулетте саз бен сөз қонған басқа да жандар аз емес. Әбжан Әбілтай мен Мүсіркеп Әлімжанұлы екеуі де тамаша ақындығымен танылған қаламгерлер. Әбжан ағамыздың «Дүние жалған», «Жүрегімнің сүзгісі», «Жер басып жүрген соң» сияқты жинақтары оқырман көңілінен орын тапқан кітаптар. Ақындығы мен журналистікті қатар ұстаған ағамыздың аудармашылығы да бар. Оның әсіресе, Иосиф Бродскийден аударған туындылары қазақ поэзиясына қосылған зор олжа деуімізге болады. Сейдахметтің немересі Мүсіркеп те «Қанат қақты», «Ақжарма», «Аһ, дариға» сынды бірнеше кітаптың авторы. Мүсіркеп Әлімжанұлының ақындығына қоса сазгерлігі де бар. Оның «Шилсай», «Аңсар» әндері айта қаларлықтай жақсы әндер. Бабадан қалған қасиеттің үшқыны осы әулеттің тағы бір талантты өкілі Кеңес Жәнібекұлының (Сейдахмет – Сүлейкей – Ғапбас – Жәнібек – Кеңес) бойынан молынан табылып жатады. Оның «Үндеме, жаным, үндеме», «Домбыра» секілді әндері де республикалық байқауларда жүлделі орындардан көрініп келеді. Бір қызығы Кеңесханның өз әулеті ғана емес, нағашы жұрты да сазгерлік қасиеттен ада емес. Нағашысы атақты Жәуке батырдың немересі Құлпейісұлы Жақыпбек жырышылығы мен ақындығы бар, әрі күй шығарып тартқан кісі. Жақыпбектің күйлерін соңғы орындаушы Нысан атты ұлы еді. Нысан ол күйлердің ешкімге үйретіп үлгермей жатып, өмірден ертерек өтіп кетті. Кеңесхан Жақыпбектің Қарлығаш атты қызынан туған жиені. Қарлығаш Жақыпбекқызы да кәсіби музыка маманы, өзі ұстаздық жасаған мектептерде «Өрімтал», «Домбырадастан» атты фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер құрып, шет елдерде өнер көрсеткен. Кеңесханның өнер жолындағы қадамының сәтті болуына, бабадан қалған қасиет қана емес, осы өнер ұжымдары да ықпалын тигізді десек қателеспейміз.

Шәкір күйшінің немересі Катина

де Сейдахметтің өлгендерінен мысалдар келтірілген. Олардың бұлай етене таныс болуы тек ақындықтарында ғана емес, құдандалы жақындықтарында жатыр. Сейдахметтің бір апасы Ахаңның жақын туысы Шолақұлы Қарпқы ақынға тұрмысқа шыққан. Бөгетбай ағамыздың Шәкірден жазып алған әңгімесінде Сейдахмет өмірден өткен соң, баласы Әлімжан қолжазба кітапты сандығына салып сақтап жүреді екен. Ол қолжазбаны Қарпқықтың Қазгелдісі қолқалап сұраған. Әлімжан өзінің жүйрік атын беріп жиеннің көңілін тындырмақ болса да, Қазгелді атты алмай өкпелеп кетеді. Әлімжан оны қайта шақырып алып, «Жиен назасы жаман, сен ренжімей кет» деп әкесінің қолжазбасын берген. Қазгелді алдымен 1922-26 жылғы «Торғай ісіне» байланысты қамауға алынып, одан босап шықса да кейін қуғын-сүргінге ұшыраған жан. Ақынның қолжазбасы солай дүрбелең жылдары жоғалып кеткен.

Сейдахмет ақындығына қоса ұсталықты жетік меңгерген шебері әрі аңшылықты жаны сүйген саятшы болған. Бір жолы ағасы Қожаймен бірге Сулы деген жерде қаз атып жүріп, күн жаңбырға айналғасын сол жерге көшіп келіп жатқан Лақ руының ауылына келіп түседі. Сол үйде Қожайдың оқтаулы тұрған мылтығы андаусызда атылып кетіп, үй иесі қазға тауып, күн дауы өрістейді. Екі рулы елдің билері бірнеше күн керісіп, келісімге келе алмай ақыры Торғайға келіп жатқан Мұқан правительге (Орынбор қазақтарының Шығыс бөлігінен билеуші сұлтаны болған Мұхамед Жантөринді ел ішінде Мұқан төре, Мұқан правитель деп атайды) барып жүгінеді. Дау болып жатқан күндері Сейдахмет Мұқан правительдің қасында болып, домбыра шертіп, ел салып, өлеңін айтып, оның арасында оқиғаның жазымынан қате болғанын, мылтық байқаусызда атылып кеткенін құлаққағыс етіп отырса керек. Ақын сөзінен істің мән-жайына қаныққан Мұқан төре:

– Мен осы бала үшін үш кісінің құны болса да кештім. Кәтеден болғаны рас екен. Ат, шапан және бір тоғыз айыппен тыныңдар, – деп билік айтса керек. (Жалпы Мұқан төре өнерлі жанды бағалай білген, жүрегі жұмсақ, жомарт мінезді адам

дайындатқан. Мұның бәрі біз сөз қылып отырған Шәкір ақсақалдың айтуымен жеткен әңгімелер. Сейдахметтің өзі де он саусағынан өнер тамған шебер, айтулы ұста болған. Осы ұсталық, домбырашылық секілді қасиеттер Шәкір Исаяулының да бойынан табылатын. Сейдахмет өмірден өткенде оны ақ жуып, арулап қойған үлкен баласы Сыздық. Ақынға арналған жоқтау өлеңді де шығарған. Сыздық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде ел-бегі болып сайланған, елге қадір-қасиеті мол, беделді азамат. Сейдахмет ақынның шығармашылығын талдап айтуға біздің жазбамыздың көлемі көтермейді, әрі біздің негізгі тақырыбымыз Шәкір күйші. Шәкірдің өмірбаянында айта қаларлықтай үлкен оқиғалар жоқ. Өмір бойы өзі туған ауылда тұрып, ұсталық құрып өткен кісі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан. Қарияның көзін көре қалған аталас туысы, ақын Әбжан Әбілтай ол кісі жайлы былай деп еске алып жазыпты: «Екі кемпірі бар шал атанған Шәкір әкем біз есімізді біліп, етегімізді жаба бастағаның өзінде қария санатында болатын (Тұрсынбек әкесінің 61 жасында туған). Бәйбіше әйелінен Мейрам, Сұлтан атанған сомбілек, тоқпақ жұдырық сойылдай екі ұлы, Тыныштық, Лиза есімді сәмбі талдай майысқан сұлу, сымбатты екі қызы бар, бір басына екі шаңырақ көтерген ескінің көзі еді. Қолына іліккеннің бәрінен түйін түйетін шебер, ұста кісі өз жанынан күй де шығаратын, домбыраның да тілін табатын» [Ә.Әбілтай, «Жер басып жүрген соң». – Астана: Фолиант, 2010. 175 бетте]. Шәкірдің немересі Нағашыбай Мейрамұлы атасының өз күйлерімен бірге «Келіншек», «Қосалқа» «Қаражорға» секілді халық күйлерін тартқанын айтады. Оған қоса Сейдахмет ақынның өлеңдерін айтып, ел арасына таратқан. Әр жылдары шыққан фольклорлық экспедиция кезінде зерттеушілерге айтып берген: Шәкір қартайғанша шаруасы күйлі, өзі сыйлы қалпынан танған емес. Шау тартып қалған шағында да ұсталық құрмаса да етік-мәсі тігіп, әрі өнерін балаларына үйретіп, күйшілікке баулыған. 1972 жылы өмірден өтті. Сүйегі Қараторғай жағасындағы Үштоғайда, «Сейдахметтің қара шоқысы» атанған жерде аталарының қорымында жатыр.

Әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтында Өтеген Ғұбайдуллиннің сыныбында оқып, оны 1973 жылы тәмамдады. Арнайы жолдамамен Торғай облыстық филармониясына келіп қызметке тұрады, сол уақытта жаңадан ашылып жатқан «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне домбырашы болды. 1976-84 жылдары өзі оқыған институттың халық аспаптар кафедрасында ұстаздық жасады. 1984 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Арқалық музыкалық училищесінде, Торғай гуманитарлық колледжінде сабақ берді. Тұрсынбектен білім алған Исмаев Баһадүр, Муздаханова Анар, Молдахметов Назымбек, Қорғанбекова Шолпан секілді шәкірттері республикалық байқаулардан жүлдері орындар алған, еліміздің өнері мен мәдени өмірінің дамуына үлесін қосып жүрген жандар.

Тұрсынбек ағамыздың Жұмағазы, Нағашыбай, Жарылқасын секілді өз інілерін оқытып, кәсіби музыка маманы қылып шығарғаны өз алдына бір бөлек әңгіме. Жұмағазы өзінің шебер орындаушылығымен танылып, шет елдерде өз өнерін көрсеткен өрелі өнерпаз. Нағашыбай болса ағасының жолымен музыкадан сабақ беріп, талантты шәкірттер дайындап жүрген ұстаз, атасы Шәкірдің жолын жалғаған домбырашы. Оның Айдаров Нұрхан секілді оқушылары үлкен мәдениет орталықтарынан шалғай жатқан Арқалықта жүр демесеңіз, республикалық байқауларға ойланбастан қосуға болатындай домбырашылардың қатарынан. Тұрсынбектен білім алған тағы шәкірті, аталас туысы Жарылқасын Әбілтаев «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрамында болып, елдің ықыласына бөленген жандардың бірі. Осындай таланттарды дайындаған Тұрсынбек ағамыз қазір зейнетке шығып, Астана қаласында тұрып жатыр. «Мен анадай едім, мен мынадай едім» деп мақтану жоқ, өз өнерінің бағасын білетін сырбаз мінезді қалпынан өзгерген емес. Л.Хамиди, Б.Сарыбаев, Н.Тілендиев, Ш.Қажығалиев секілді өнер майталмандарынан жоғары баға алған дәулескер домбырашының Торғай топырағынан шыққан кәсіби музыка мамандарының ішінде алғашқы болып жеке күйтабағында шығарған. Оның «Байжұма» атты жеке күйтабағына Шәкірдің «Бозінгенінен» басқа Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Мәмен, Қазанғал, Жантөре, Баламайсаң, Нұрғиса мен Нұрхан мұраларынан – жалпы саны 15 күй енгізілген. Тұрсынбек шебер орындаушылығымен қоса, «Соңғы түс», «Жүрек сыры» секілді бірнеше әннің авторы.

қосын музыка маманы, өз ұстаздық жасаған мектептерде, «Өрімтал», «Домбырадастан» атты фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер құрып, шет елдерде өнер көрсеткен. Кеңесханның өнер жолындағы қадамының сәтті болуына, бабадан қалған қасиет қана емес, осы өнер ұжымдары да ықпалын тигізді десек қателеспейміз.

Шәкір күйшінің немересі Қатира Мейрамқызы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институттың аға оқытушысы, осы жазбаның авторына институт қабырғасында білім берген ұстаздардың бірі еді. Қатира апайымыз қазақ тілінің сөзжасамына қатысты бірнеше әдістемелік құралдың, ондаған ғылыми мақалалардың авторы. «Қапан Сатыбалдин драматургиясындағы тартыспен характер» атты монографиясы 2018 жылы Мәскеуден жарық көрді. Бұл Қатира апайдың кандидаттық диссертациясының тақырыбы. Кандидаттық емтихандар мен алдын-ала қорғаудан өтсе-дағы білім және ғылым саласындағы өзгерістерге байланысты қорғап үлгермей қалған жайы бар. Қазір Қатира Мейрамқызы педагогика ғылымдарының магистрі, «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының құрметті профессоры».

Шәкір Исаұлы бүгінде жалпы қауым түгілі, музыка зерттеушілерінің назарынан да тыс қалып келе жатқан күйшілердің бірі. XX ғасырдың бар дүрбелеңінен аман өтіп, жасы ұлғайған шағында дүние салса да күйшінің мұрасын жазып алған ешкім жоқ. Оның жалғыз күйінің ғана сақталып жеткені содан болса керек. Шын мәнінде Шәкір Сейдахмет секілді айтулы өнерпаздың үлгісін көрген және оны өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізе білген ұлағаты мол ұстаз жан. Торғай өңіріндегі өнердің дамуына зор үлес қосқан Тұрсынбек, Жұмаш, Жарылқасын секілді дәулескер домбырашыларды, талай тамаша әннің авторы болған Кеңесханды Шәкір мектебінің шәкірттері деуімізге әбден болатындай. Оның көзін көре қалған Әбжан Әбілтаев мен Мүсіркеп Әлімжанұлы бар қазаққа танылған ақын болса, өз немерелері Нағашыбай мен Қатира Мейрамқызы бірі саз өнерін, бірі сөз өнерін оқытып жүрген ұстаздар болды. Қысқасы Шәкірден қалған өнер жолы үзілмей сақталып келе жатыр. Ендігі мақсат күйшіден қалған мұраны зерттеп, көпшілік қауымға таныту болу керек.

Батырлан ЖҰМАБАЙҰЛЫ

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі